



Бекітемін  
Көлік колледжінің директоры  
А.С.Нугымаров

« 09 » 2021 ж.

**Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
Білім басқармасы «Көлік колледжі» КМҚК  
Емтиханның нәтижесі бойынша апелляция өткізу туралы  
ереже**

1. Осы Ереже аралық аттестаттау емтихандарын тапсыру қорытындысы бойынша апелляция өткізу рәсімін ұйымдастыру мақсатында үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне (ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес әзірленді.
2. КМҚК «Көлік колледжі» студенті, қорытынды емтихан бағасына келіспесе, келесі күннен кешіктірмей, колледж директорына апелляцияға өтініш жазады.
3. Колледж директоры студенттен өтінішті қарастырып қабылдайды да, апелляциялық комиссия тағайындауға, бөлім меңгерушісіне жібереді.
4. Апелляция процедурасына келесі сатылар кіреді: оқушылардың өтініштерін қабылдау, ақпаратты жинау және талдау, апелляциялық комиссия отырысын өткізу және материалдарды қарастыру, апелляция бойынша шешім қабылдау, комиссия отырысының хаттамасын тағайындау, оқушыларды нәтижелермен ақпараттандыру.
5. Оқушының өтініші оқу процессінің графигіне сәйкес емтихан кезеңінде комиссиямен қарастырылады.
6. Апелляция нәтижесін бөлім меңгерушісі емтихан кезеңі аяқталғаннан кейін үш күн ішінде студенттер назарларына жеткізеді.
7. Студенттің апелляцияға өтініш жазған кезде апелляциялық комиссия келесі құрамда тағайындалады: бөлім меңгерушісі, пәндік цикл комиссиясының төрағасы, емтихан қабылдамаған, қайта емтихан өткізуге арнап бақылау-тесттік тапсырма дайындаған пәндік циклдің оқытушысы.
8. Апелляцияға өтініштер еркін нысанда жазылады. Егер де апелляция тақырыбы анық жазылмаса немесе өтінішті қарауға мерзімі сақталмаса, апелляциялық комиссия өтінішті қараудан бас тартады.
9. Апелляциялық комиссия шешімі отырыс хаттамасында жазылады.
10. Апелляциялық комиссия өз жұмысында осы Ережені басшылыққа алады.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Молдағалиева М.Т.